











*Жаһандық өркениетке бет алған қоғамымыздағы басты бағыттың бірі – білім саласы. Мемлекет тарапынан саланы дамытудың кешенді бағдарламасы әзірленіп, келешектің міндеттері айқындалды. Құрметті мамандық иесі – мұғалімдердің әлеуметтік жағдайын жақсарту бағытында көптеген шаралар атқарылып жатыр. Үстөздер мерекесіне орай осы тақырып төңірегінде облыстық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы ұйымының төрайымы Райқұл Байназаровамен сұхбаттасқан едік.*



Базалық жалақылары 30% - ке дейін көтерілді. Осы орайда айта кетейін, аралдық әріптесіміз Ж.Қунарова және жаңақорғандық Л.Жұмабекова сынды ұстаздар шебер-педагог санатын қорғап, белгіленген тәртіппен жалақылары 50 %-ке көтерілетін болды. Сонымен бірге, төмен мөлшердегі жалақы алатын мектепке дейінгі мекемелердің қызметкерлері, әлеуметтік педагогтар, лаборанттар, іс жүргізушілер, білім саласының барлық қызмет көрсетуші және техникалық персоналдардың сәлсіз жүктемелерінің төмендеуі де отбасы бюджетін аз да болса толықтырады. Жалпы осы жерде айта кететіні керек, кәсіподақ ұйымы және жұмыс беруші болып табылатын ұйым басшысы, екі тарап ретінде Заңмен белгіленген ұжымдық шарттың мазмұнына ерекше мән беріп, мүмкіндігін тиімді пайдалануы қажет.

Қазіргі таңда кәсіподақ мүшелерінің және олардың балаларының демалысын, сауықтыруын ұйымдастыру бюджеттік салаларда тек кәсіподақтың еншісінде. Басқа қаржы көзі бола бермейді. Біздің облыстық ұйымда шипажайларға қызметкерлерге – 30%, ал зейнетке шыққан аға буын әріптестерімізге 50% жеңілдік қарастырылған. Меніңше, осы мәселеге әлі де тереңірек қараған жөн сияқты.

Сол секілді жас кәсіподақ мүшелеріне көмек ретінде балалар демалысының 50% шығынын кәсіподақ көтереді. Биылғы жаздың өзінде Көкшетау, Оңтүстік Қазақстан және жергілікті демалыс орындарында 2 мыңнан астам сала қызметкерлерінің балалары демалып кайтты. Әрине, балалардың жыл бойы күтетін жазғы демалыстарын қызықты, тиімді өткізулеріне біз де барынша көңіл

# КӘСІПОДАҚТЫҢ ҚЫЗМЕТІ ӘРҚАШАН МАҢЫЗДЫ

– Райқұл Мансұрқызы, төл мерекелеріңіз құтты болсын! Бүгінгі қоғамның беталысы, мемлекеттік саясаттың басты бағыты – білім саласы. Сонымен бірге Елбасының күні кеше ғана халыққа жариялаған Жолдауында зерттеуші білім беру саласына көбірек көңіл бөлінді. Көптің көкейінде жүрген мәселені дөп басып, "Педагог мәртебесі туралы" заң жобасын әзірлеуді тапсырды. Осы жөнінде ойыңызды білсекіз...

– Қоғамда мұғалім мәртебесін көтеру жөнінде жиі айтылған. Мемлекет басшысы көптің ойындағы осы мәселені арнайы заңмен реттеуді ұсынып отыр. Бұл өте орынды деп ойлаймын. Қай заманда да ұстаз құрметке лайық, бұл ұстанымды бүкіл қоғам баулап қалыптастыруымыз қажет. Әрине, бұл ретте мұғалімдердің де заман талабына сай жаңаша бастамаларға бейімделіп, жаһандық өркениет көшінде қарым-қабілетін таныта білуі тиіс.

ТМД аумағында, «Мұғалім мәртебесі туралы» Заң қабылдаған ел көп емес. Мысалы, Санкт-Петербургте 2004 жылы Парламентариялық ассамблея қабылдаған Мұғалім мәртебесі жөніндегі модельдік заң көңілімізге қонады. Себебі қызықтыру (стимул) мақсатында 5 жыл сайын еңбек өтілі үшін мұғалім жалақысына 10%-тен бастап 30%-ке дейін қосылып отырады екен. Сонымен бірге, ғылыми-педагогикалық дамуына әр 10 жыл сайын бір жылдық шығармашылық еңбек демалысы беріледі екен. Бұл өте дұрыс шешім. Себебі ұстаздың шеберлігі тек қана бір дипломмен келуі мүмкін емес. Үстөз өмір бойы оқып, тәжірибелі әріптестерінен үйренеді. Сондықтан мұғалім бүгінгі күннің талабына сай халықаралық оғаз тәрбие беру әдістерін өз тәжірибесінен өткізіп, жетілдіру жолдарын ғылыми еңбек ретінде кітапқа жинақтау керек. Бұл жұмыс бағыты «Рухани жаңғыру»идеологиялық бағдарламасының нақты орындалуының көрсінші болар еді.

Жалпы Мемлекет басшысының Жолдауындағы барлық бастама біздің сала қызметкерлерінің маңызды өмірлік мүдделеріне қатысты, оларды іске асыру әрбір мұғалімнің әл-ауқаты мен көңіл-күйіне жағымды әсер етсін сөзсіз. Және осы бастамалардың арасында, көптеген педагогтар үшін бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі еңбекке төлеумен қатар, баспананы қамтамасыз ету мәселесі екенін айта кеткім келеді. Өзіміз байқағандай, Жолдауда осы мәселені шешудің де онтайлы жолдары айтылды.

– Саладағы еңбек адамдарының әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қорғау бағытында атқарылып жатқан шаралар жөнінде айтып өтсеңіз...

– Соңғы жылдары мұғалімдердің еңбекақысын арттыру мәселесі Президенттің тапсырмаларына сәйкес жүзегі оспі келеді. Облыс бойынша биылғы оқу жылынан бастап категориялар арасындағы ашақтықты арттырып, соның нәтижесінде педагог-модератор санатын – 723 мұғалім, педагог-сарашы санатын – 771 мұғалім, зерттеуші-педагог санатын 448 мұғалім иеленіп, олардың

# ҰРПАҚҚА ЖАЛҒАСҚАН МАМАНДЫҚ

Қазалы ауданының байырғы тұрғыны Жәдиевтер әулеті таумырын тереңге тартқан, ғасырға жуық еңбек өтілімен өскелең ұрпаққа өнегелі тәрбие беру ісін абайромен жалғастырып келе жатқан ұстаздар әулеті. Әулеттің атасы Жәди ақсақал мен Сәуле ана өткен ғасырдың 70-жылдарына дейін өмір сүрді. Қоғамдағы ең құрметті мамандықты еншілеген олар саналы ғұмырын ел ертіні – жас ұрпақты тәрбиелеуге арнады.



Жәди ақсақал өз заманында діни сауатты болған дейді. Ауыл - аймаққа, ағайын-туысқа сөзін тыңдата білген абыз ақсақал отбасында өмірге келген жеті баласын да қоғамның талабына сай тәлім-тәрбиеге баулыған еді. Соның нәтижесі болар, алты перзенті мұғалімдік мамандықты таңдады. Иә, Жәдиевтер әулеті үшін бұл мамандық атадан калған аманаттың кәсіптері. Аманатын адал өткеріп келе жатқан әулет тарихында бүгінде 3 мектеп директоры, 6 мектеп директорының орынбасары, 6 ҚР Білім беру ісінің үздігі, 1 "Құрмет белгісі" орденінің иегері, сондай-ақ, бірнеше "Үздік жыл мұғалімі" байқауының жүлделері бар.

Әке-жолын абайромен жалғастырып отыр. Осы әулеттің келіндері, бүгінде ардақты ана атанып отырған Балқия, Қалампыр апаларымыз да білім саласының ардагерлері. Екеуі де ҚР Білім беру ісінің үздігі.

Мәртебелі мамандықты жалғастырып келе жатқан Жәди әулетінің 40-қа жуық ұл-қызы – білім саласының білікті мамандары. Бұлардан тараған ақсақалдың немере-шөберелері де

аймақтың білім саласында еселі еңбек етіп, ел құрметіне бөленді. Олардан тәлім алған шәкірттер бүгінде ағалық жасап асып, ақсақалдықа жетті. Ал ұстаздардың қазіргі көшін биыл ғана зейнеткерлік демалысқа шыққан әулеттің кенже ұлы Шынтас бастап тұр. Ал, Өмірзақ ағамыз Аранды ауылындағы қара шаңырақтың иесі, әулеттің бас қосар ұясына айналды-

рып отыр. Осы әулеттің келіндері, бүгінде ардақты ана атанып отырған Балқия, Қалампыр апаларымыз да білім саласының ардагерлері. Екеуі де ҚР Білім беру ісінің үздігі.

Мәртебелі мамандықты жалғастырып келе жатқан Жәди әулетінің 40-қа жуық ұл-қызы – білім саласының білікті мамандары. Бұлардан тараған ақсақалдың немере-шөберелері де ұстаздар династиясын жалғастыруға ынтылау.

*«Алты алаштың баласы бас қосқанда төрдегі орын мұғалімдікі».*  
**Мағжан Жұмабаев.**

## Ұстаздарға

Жанарыңнан от қорсеп ашыадаған,  
Жан дүниңде сырлар көп ашыамаған.  
Айнаалайын, ұстаздар ұлағатты,  
Алтынан да ардақты басың маған.

Бүкіл әлем көз тігіп сенім артқан,  
Қоғам мақтан етеді, сәл мақтан.  
Арқа сүйеп сендерге мынау халық,  
Ұл мен қызын ұшырады шаңырақтан.

Ғажасыңдар, байсыңдар, ірісіңдер,  
Әрбірің отбасының гүлісіңдер,  
Жастық жігер, тапшыңсыз, ізденіспей,  
Құлашыңып жігерлі іске кірісіңдер!

Қоғам мынау, заң мынау, заман мынау,  
Ұрпақ керек бұ қүнде санаңды ұғар.  
Алла еңбек арттырып мерейіңді,  
Біліңде құрметтің бағаң тұрар!

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА



# ҒАСЫРЛЫҚ ҒҰМЫРЫ БІР ДАСТАН...

«Откен күнде белгі жоқ» деген үлкендердің сөзі естіген кезде, шағында, зымдараған уақыт ағыны ізестірген күн паракяналары жед ұшыраған жапырақтай азайған салын бір жылдың аяқталып, жаңа жылдың келіп қалғанын байқамайды екенбіз. Алайда өткен күндерден белгі - өткен еңбегіңнің нәтижесі, мәселен тапшылығыңның бәйтерекке, баяулыған балапаныңның қыранға айналғаны емес пе?! Самая шашына бояқырау араласып, кешегі шәкіртін азамат, ересек адам болып келіп тұрғанда еріксіз сүйесің... Жалт еткен жаксы қасиетіне қуанып, сол жаксылық еңбек ете жүріп, нағыз ұстазға айналады екенсің...



1975 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты физика-математика факультетін математика пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп, қалаық білім бөлімінің жолдамасымен 1 Май атындағы №1-ші мектепке мұғалім болып орналастым. Ол кезде білім ошағы аралас мектеп болатын. Мектеп директоры Рәмасұл Үмбетов еді. Ал 1978 жылы Шамсия Қалжанова, сосын Әбсемет Құсайынов ұжым басшысы болды.

1990-1991 оқу жылынан бастап бұл білім ошағы қазақ мектеп - лицейі болып аталды. Алғашқы кезде теренділетін сыныптарға оқулықтар, қазіргі бағдарламалар болған жоқ. Сондықтан өзміз қалыпты сыныққа арналған бағдарламаны басшылыққа алып, сабақ бере бастадық. Сол жылдары

күнделікті сабағымынан бөлек, мектептегі физика-математика – информатика әдіс бірлестігінің жетекшісі, қалаық білім бөлімінің «Үздік аттестат» пен «Алтын медаль» үміткерлерінің жұмысын тексеру комиссиясының мүшесі, ҰБТ-да апелляциялық комиссия мүшесі сияқты жауапкершілігі зор қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүрдім.

2003-2004 оқу жылында мектебіміз Қ.Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп - лицейі болып аталды. Әлі есімде, 2004 жылы тұңғыш рет ҰБТ өтті. Сондайын бағдарламалар болған жоқ. Сондықтан өзміз қалыпты сыныққа арналған бағдарламаны басшылыққа алып, сабақ бере бастадық. Сол жылдары бұрынғыдан бетер арта түсіп, нәтижесінде оқушыларымыздың да білім көрсеткіші біршама жақсарды.

Ал 2007-2013 оқу жылдарында мектеп директоры Асқар Әліпбеков болды. Асқар Қалиұлы мектеп - гимназиядағы сыныптан тыс жұмыстар барысында ұстаз, ата-ана және шәкірттермен етене араласып, іс-шаралардың қызықты, мазмұнды өтуіне үнемі ықпал жасап отырды. Сол уақыттарда жетекшілік ететін сыныбымынан 4 оқушы, сабақ беретін сыныптан 2 оқушы "Алтын белгі" иегері атанды. Мұндай жетістіктер мектебіміздің мерейін асырып, мұғалімдердің белелін биіктете түсетін. Мысалы, 2009 жылы Реалды Мансұрқызының мектеп бітіруші

ақ, Білім беру ұйымдарының педагогтары арасында ұйымдастырылатын "Үздік авторлық бағдарлама – 2017" байқауының облыстық кезеңінде I орын, республикалық кезеңінде III орынды иеленді. Жанартағын білім бағдарламасына сай «Дүниежүзі тарихын орыс тілінде сатылап оқыту әдістемесі», «Құдық негіздері», жаңа форматтағы ҰБТ мен пәндік олимпиадаға арналған оқу-әдістемелік құрал



және «Тарих сабағынан үздік сабақтар топтамасы» атты оқу-әдістемелік құралдары жарық көрді. Ал «Қоғам және тарих» факультатив сабағы мен «Тарих тағылымы» атты үйірмесінің үлгілік оқу бағдарламасы облыс көлемінде тартылады. Мұнан бөлек, мемлекеттік білім беру жобаларын педагогикалық практикаға енгізу жұмыстары бойынша республикалық конференцияларда іс-тәжірибесімен бөлісіп, оқу бағдарламасына сәйкес қазақ сыныптарында дүниежүзі тарихын орыс тілінде отудан арнайы оқу - әдістемелік кешенін әзірледі. Осындай елеулі еңбектері республикалық басшыларда жарияланды.

Білім бәсекесі бірінші орында тұрған бүгінгі қоғамда ұстаз алдындағы жауапкершіліктің жүгі ауыр. Десек те, мәртебелі мамандықтың мерейін асырып жүрген Әсемқұл Жаксылықова сынды ұстаздар әрқез құрметтің төрінен табылары хак.



Forým

# ЖОБАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА АНАЛАР ДА ҮИТАЛЫ



Қызылордадағы «Достық үйінде» Аналар форумы болды. Облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы кезекті жиында «Қазақтану» жобасын жүзеге асырудағы аналар кеңесінің ролі тақырыбына арнады. Оған облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов қатысты.

Назкерке САНИЯЗОВА.

«Қазақтану» — өзге ұлт өкілдеріне қазақтың тарихын, тілін, ділін танытатын, елді біріктіретін бірегей жоба. Сыр жұртшылығына жобаның мән-маңызын түсіндіру мақсатында жуырда өңірде республикалық лекторий өткені белгілі. Лекторий аясында жергілікті колонер шеберлерінің көрмесі де ұйымдастырылды. Облыстық ҚХА хатшылығының меңгерушісі Ләйла Төрезова осы орайда оған атсалысқан қыз-келиндерге алғыс білдірді. — Жобаны іске асыруда аналар кеңесінің ролі ерекше. Біз ұлттық тәрбие мәселелерін талқылап, құндылықтарды насихаттап отыруға тиіспіз. Еш шараларымыздың басым бөлігі осыған бағытталған, — деді ол.

Қазақ халқының ұғымында ана бейнесі қашанда биік. Ақын, жазушы, күйші, композиторлардың арасында ең қымбат адамдарына арнап туындатып жазбағаны кемде-кем. Әйел — ең алдымен, отбасының ұйытқысы, одан кейін қоғамның тірегі екенін облыс әкімінің орынбасары Р.Рүстемов тілге тиек етті.

— Халқымыз Жер-Ана, Отан-Ана, Табиғат-Ана деген теңеулер арқылы әйел затының қадірін арттырған. Әлемде туған тілін ана тілі деп біз ғана айтамыз. Мұның өзі — жоғары құрметтің белгісі, — деді ол.

Одан кейін ғылыми-ағартушылық жобаға қыз-келиндер қандай және қалай үлес қоса алатыны туралы облыстық ҚХА жанындағы аналар кеңесі төрайымының орынбасары Нұрсәуле Мұсаева, «Колонер» орталығының директоры Айда Керімқұлова және басқалар әңгіме орбтті.

Форум соңында аталған көрмені жоғары деңгейде өтуіне үлес қосқан бірқатар колонерші марапатталды.



Ұстаздар күні қарсаңында Астана қаласында республикалық «Үздік педагог» байқауының қорытындысы бойынша еліміздегі 48 орта мектеп мұғалімі және 16 колледж оқытушысы жеңімпаз атанды. Республикалық байқау жеңімпаздарына «2018 жылдың үздік педагогы» төсбелгісі, куәлік, сондай-ақ, 2 405 000 теңге мөлшерінде сыйақы табысты. Аталған конкурс қоғамдағы мұғалім әлеуетін көтеру үшін 2012 жылдан бері ұйымдастырылп келеді.

Шынар БЕКБАН.

Байқауда Қызылорда қаласы химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің биология пәнінің әксперт мұғалімі Дариха Мұнарбаева да жеңімпаздар қатарынан көрініп, «Үздік педагог-2018» атағына ие болды. Шәкірттері республикалық, халықаралық олимпиада жеңімпаздары қатарынан көрініп жүрген Дариха Әбсаматқызы «Action Research», «Lesson Study» жобалары аясында бірнеше әдістемелік құрал авторы атанды. Оқуды ұстаздық ұстаным ретінде қабылдаған ұлағатты ұстаз халықаралық конференцияларға қатысып, білімін жетілдіру арқылы жаңа жетістіктерге жетті.

# ЖЕРЛЕСІМІЗ ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ

— Әрине, білім саласында соңғы жылдары өз өзгерістер байқауда болады. Соның ішінде жанартылған білім мазмұнымен өткізіліп жатқан шаралардың маңызы зор, — деді ұстаз.

Дариха Мұнарбаева — қалалық «Үздік педагог-2011», «Үздік мектеп директоры-2002» және мұғалімдер арасында өткізілген бірнеше пәндік олимпиадалардың жеңімпазы. Білім саласына сіңірген еңбегі үшін бірнеше дүркін облыс әкімінің Алғыс хаты, Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Suinshi!

# БАКУДЕ ҚАЛЫҚТАҒАН НАРТАЙ ӘУЕНІ



Әзербайжанның астанасы — Бакуде оныншы рет өткен халықаралық мұғам айтушылар фестиваліне Қазақстанның атынан Шиед ауданындағы балалар әуез мектебінің оқушысы Дильназ Ташмұхамед аттанған еді. Дильназ — Сыр бойындағы Нартай мектебінің өкілі. Ұстазы Нүргүл Ақтаевтың айтуынша, «Дәстүрлі ән» классында оқитын шәкіртін фестивальға дайындау барысында халық әні «Ағажай поэмды», Нартайдың «Жеңіс жыры», «Жыршыларың», Т.Қалымбетовтың «Ақмешіт — атамекен» әндерін үйреткен.

Мұғам — біздің тіліміздегі мақам, әуен, саз деген ұғым. Хафиз, Омар Хайям, Физули секілді шығыс шайырларының жырлары осы әуенге салып айтылады. Бұл — түркі халықтарында және Араб, Африка елдерінде кең тараған музыкалық өнер. Сыр бойының жырарлық, жыршылық дәстүріндегі әуен, ырғақ үндестігі және «Көрүрлі», «Алпамыс», «Тахир-Зухра», т.б. дастандар шығыстың музыкалық желісіне барып қосылып, әлемдік әдеби-музыкалық қорды құрайды.

Фестивальдің соңғы күнінде Бакуде сүйінші хабар жетті. Жырау Алмас Алматовтың айтуынша, жас өнерпаздың әнін халықаралық фестиваль қазылары жоғары бағалап, III орынмен марапаттаған. Д.Ташмұхамедке Әзербайжан Республикасы Мәдениет министрінің дипломы және арнайы сыйлығы тапсырылды. Осылайша Сыр бойының жас өнерпазы Нартай атағынан жеткен әсем әуенді Қап тауында қалықтапты.

«СБ» ақпарат.

### Кірпіш сатылады

Қызылорда қаласында украиндық құралмен жабдықталған М-125 маркалы қатпарлы кірпіш сатылады. Өлшемі 250х120х88 мм, 250х120х65мм. Байланыс тел.: 8 701 335 96 50, 8 777 058 24 69.

### Жарамсыз деп есептелсін

Ысқақова Әсел Шорханқызына 18.04.2018 жылы берілген "Қызылорда облысы бойынша Ұлттық оқу-клиникалық орталығы" ЖШС-нан "Мейіркөме ісі" мамандығы бойынша біліктілігін арттырғаны туралы №471 куәлігінің түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

## «ЖЕНЬШЕНЬ — ӨМІР ҚУАТЫ» — ҒЫЛЫММЕН ДӘЛЕЛДЕНГЕН ТАБИҒАТ КЕРЕМЕТІ.

«Орман жануарларының патшасы — жолбарыс, теңіз жануарларының патшасы — айдаһар, ал орман өсімдіктерінің патшасы — женьшень».

Ежелгі Қытай даналығы.

Женьшень — өмір қуаты — бальзамы — (Саясиетік декларациясы ЕАЭС №RU D.RU. АД81 В.14213, 24.07.2018 жылдан 23.07.2021 жылға дейін жарамды)

Аңыздарға сүйенсек, бір қызығы, женьшень де адам сияқты өмірге келеді екен. Мәлдр суға найзағай түсіп, онымен жер астына барады да, ұрықтанғаннан кейін, сол жерге Құдай ерекше қасиет дарытқан керемет шөп өсіп шығады. Ежелгі адамдар бұл өсімдікті барлық ауруға ем болатын ең пайдалы шөп деп, тіпті өлген адамды тірілтетін қасиеті бар екеніне де сенген.

Бүгінгі таңда арадан қаншама ғасыр өтсе де, ғалымдар тамыр дәрінің аңыздарда айтылған сиқырлы қасиеттерін жоққа шығармайды, керісінше, женьшеньді қолдану негізінде дайындалған препараттар шындығында да адам өмірін ұзартып, ағзаны жасартуға ықпал ететін дәрі ретінде дәлелденіп отыр. Олар физикалық және мидың шаршауына, өсінбе, еңбекке қабілеттілігін арттырып, жыныс мүшелерінің қызметін қалпына келтіріп, тәбетті жақсартып, қан қысымын реттеп, орталық жүйке жүйесін тынықтыратын қасиетке ие. Осының бәрі шөп дәрі жасаушылардың ойлап тапқаны емес, ғылыммен дәлелденген факт.

Табиғат женьшеньді мінсіз қылып жаратқан. Қазіргі заманауи технолог-ғалымдардың негізгі мақсаты женьшеннің барлық пайдалы қасиеттерін сақтай отырып, дәрінің ең тиімді түрін жасап шығару. Сонымен қатар, құрамында барлық заттар бір-бірін емдік қасиетін төмендетпей, бірлесіп, пайдалы қасиеттерін артыру. Және дәрінің ең жақсы нұсқасы табылды! Өмірлік маңызыды «Женьшень — өмір қуаты» фитонаноцевтикалық топтамасы — бұл көне Сібір шөп дәрі жасаушылардың рецепті бойынша, женьшень биомассасын нанано-құрылымдау заманауи технологиясын қолдана отырып жасалған табиғи өсімдік бальзамы.

Женьшеннің жапырақтары мен тамырынан дайындалған мицеллярлы түрдегі тұнбаны қолданудың арқасында бұл фитонаноцевтикалық бальзам организмге жақсы өніп, белсенді мицеллярлық құрамы асқазан-ішек жолдарына тез сіну қабілетіне ие. Жоғары белсенді компоненті «Женьшень — өмір қуаты» фитонаноцевтикалық топтамасы тонусты көтеріп, ағзаның жағымсыз әсерлерге қарсы тұру қабілетін арттырып, қабыну процесстерін жояды. Сондай-ақ, бактерияға және вирусқа қарсы әрекет етіп, қан қысымын реттеп, қанның құрамын қайта қалпына келтіріп, өкпе мен бронхтарды қады тазартып, ішкі секреция бездерін, зат алмасуды жақсартып, тас түзілуіне кедергі келтіреді. Аллергиялық реакцияларды асқындаптай, ісікке қарсы белсенді қызмет етеді.

Құрамындағы негізгі компоненттер:

- ▶ Алтай балы. Женьшеннің жапырақтары мен тамырынан дайындалған мицеллярлы тұнба, годжи жидегінің концентраты, лимон қышқылы, қаражөмісті шетен, алтын тамыр (родиола қызыл концентраты), итмурын жемісі, валерия тамыры, көк шай тұнбасы, жеке гүлі, гуаран концентраты, қызыл тамыр, түке жапырақ тамырының концентраты, әлеутероид концентраты, таңқурай шырыны, эхинацея, қалақай жапырағы, шайқурай концентраты, левзей концентраты, долана, саған-дайла (Адамстың родо-дендрон), імбір тамыры.
- ▶ Қолдану әдісі: күніне 3 рет тамақтанудан 30 минут бұрын 1 шай қасық бальзамды аузыңызда 30-40 секунд ұстап тұрып, содан кейін жұтасыз.

**БАЛЬЗАМДЫ ПАЙДАЛУҒА ҰСЫНЫЛЫМ:**

- ▶ Жүрек қан тамыры жүйесі жұмысының бұзылуы (жүрек аяқпалд, жүректің ревматикалық ауруы, атеросклероз, вегето-тоникалық дистония, тахикардия және т.б.).
- ▶ Жүйке жүйесі ауруларында;
- ▶ Гипертония мен гипотония кезінде қан қысымын реттеу;
- ▶ Ревматизм, артрит, артроз, буын аурулары, остеохондроз, подвара кезінде;
- ▶ Имунитетті көтеру және ағзаның жалпы жағдайын жақсарту;
- ▶ Түрлі инфекциялық, бактериялық және вирустық ауруларда;
- ▶ Тыныс алу жолдарының инфекциялық және қабынуында;
- ▶ Ас қорыту жүйесі ауруларында (ас қорытудың бұзылуы, гастрит, он екі елі ішек және асқазан жарасы);
- ▶ Бауыр ауруларында;
- ▶ Бүйрек және неспен шығару жолдарының ауруларында;
- ▶ Өт жолдарының дискинезиясы, өтте тас жиналу кезінде;
- ▶ Простатит, простата аденомасы кезінде;
- ▶ Төрінің инфекциялық-аллергиялық ауруларында;
- ▶ Қант диабетінде;
- ▶ Қан тамырының ауытқуларынан болған көз ауруларында;
- ▶ Ісік кезінде өзгерістерде;

**ВІЗДІ ҚЛИЕНТТЕРІМІЗ БІЗ ТУРАЛЫ:**

**Фоменко Валентина, 81 жас. Шымкент.**

«Женьшень — өмір қуаты» бальзамы 10 күн ішінде, аяғымдағы вено-қозым кетіп, ауырғаны қойды. Бұрын аяғарым қақсап, ұйықатпайтын. Тістерім де мазда бермей ауырып, тамақ жей алмайтынмын. Қазір тісім ауырмайды. Ал көзге келетін болсақ, көздерім іріндейтін. Женьшень ішекті, көзім тазарып, іріңі кетті. Сіздерге мың алғыс!

**Қаражанова Несібелі**

Менің жасым 55-те. 1997 жылдан бронхальный астмамен есепте тұрамын, қан қысымым жоғары, аяғымның тамыры (варикозы) шығып, буындарым ауырады. Жұмысым отырып істейтін болғандықтан, көшеке қарай аяғымның ісетіні сонша, тобығым көрінбей қалатын. Жүрек тұсым күйліп, арқам, желке тұсым тырысып, қан қысымым көтерілетін.

«Женьшень — өмір қуаты» бальзамын осы жылдың 17 тамызынан бастап күніне 3 рет шөп қасықпен қабылдай бастадым. Қазіргі уақытта ішкі құрылысым тазаланып, астматикалық сырғылым басылып өзімді жеңіп сезінудемін.

**Мына телефондар арқылы маманнан кеңес алып, тапсырыс беруге болады:**  
**8 702 911 55 55,**  
**8 777 114 13 20,**  
**8 727 327 88 02**

Бір курсқа бальзамның 8 қорабын қабылдау ұсынылады. Бір қораптың бағасы — 4000 теңге. 3 қорапша алсаңыз, 4-ші қорапша ТЕГН.

**«Женьшень» бальзамы, «Саған Дали» капсуласының қасиеті және «Кудзу» тамшылары туралы сіз мына күні өткізілетін сатылым кезінде біле аласыз:**  
Қызылорда қаласында 16 қазан күні сағат 10.00-11.00 аралығында Ө.Тәжібаев атындағы кітапханада. Абай даңғылы, 53 Д, 1-қабат, конференц зал.

Кезекші редактор Айдана ЖҰМАДИНОВА.

Меншік иесі <b>СЫР МЕДИА</b> жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	БАС ДИРЕКТОР <b>Аманжол ОҢҒАРБАЕВ</b> қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36  БАС РЕДАКТОР <b>Қуат ШАРАБИДИНОВ</b> қабылдау бөлмесі — тел: 8/7242/ 40-02-17	Бас редактордың орынбасары — 70-00-43 Жауапты хатшы — 70-00-81  Бөлімдер: руханият және ақпарат — 70-00-64, 70-00-41 экономика — 70-00-41, 70-00-68 әлеумет және саясат — 70-00-73 жарнама — 70-00-49, 70-00-52 есеп-қисап — 70-00-39, 70-00-38, компьютер орталығы және корректорлар — 70-00-34	Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.  Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі № 12993-Ғ, 27.08.2012 ж.	Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» — ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.  Таралымы 28781 Тапсырыс №1590
---	--	---	--	--	--

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А».

e-mail: syrbوي@yandex.kz / www.syrboyi.kz